



Haileybury Astana



Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік

Қазан 2024

Мазмұны



Экологиялық корпоративті жауапкершілік 4.

Қайырымдылық мақсаттағы корпоративтік жауапкершілік 8.



Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) - этикаға, тұрақтылыққа және әлеуметтік әсер етуге қатысты нақты мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бизнес-бастама. Аталған іс-шара талапқа сай жүзеге асырылған кезде, сіздің бизнесіңізді өзгелердің қабылдауын және оған деген көзқарасын жақсартып алады, бұл өз кезегінде сіздің компанияңыздың кең миссиясын бүкіл әлемге жеткізуге септігін тигізеді.

Дүние жүзіне әйгілі Халықаралық бакалавриат әлем мектебі бола отырып, Haileybury Astana мектебі Қазақстанның жергілікті қоғамдастығы алдында қандай жауапкершілікке ие екенін жақсы түсінеді. Мектептің басты басымдықтарының бірі - мүдделі тараптар мен қызметкерлерді маңызды болып табылатын істерге үлес қосуға ынталандыру.

Осы оқу жылындағы стратегиялық мақсаттарды іске асыру Haileybury Astana мектебі ұстанатын пайымды қалыптастырды. Ертеңгі күннің болашақ көшбасшылары тек тәуекелге баруды қажет ететін, сонымен қатар өздерін қауіпсіз сезініп, шабыт сыйлай алатын ортада ғана қалыптаса алады. Сондықтан біз адалдықты жоғары бағалайтын және жанашырлық көрсете отырып, сенімді қызмет ету мүмкіндіктерін іздейтін қауымдастық құруға көмектесуді өз міндетімізге аламыз. Осы мақсаттарды есепке алу Haileybury Astana мектебінің этика, тұрақтылық және әл-ауқатпен байланысты іс-шаралар мен науқандармен жұмыс істейтін төрт бағытын анықтауға көмектесті.

Экологиялық корпоративті жауапкершілік



Seleu Consulting-пен серіктестікте жасалған Эко-жәрмеңкенің табысы

Қауымдастық пен экологиялық тәрбиені мерекелеу барысында Sales Consulting компаниясымен бірлесіп өткізілген соңғы Эко-жәрмеңке қатысқандардың барлығында ерекше әсер қалдырды.

Демалыс күндері болған жұмыс адамдарды көптеген іс-шаралары арқылы тұрақты зерттеуге және ілгерілетуге ұмтылуға біріктірді. Эко-жәрмеңке ұжымдық жұмыс күшінің дәлелі болды, өйткені әртүрлі салалардағы қатысушылар тұрақты даму принциптерін тереңірек түсіну үшін осында жиналды. Шеберлік сыныбы, пікірталастар және интерактив сессиялар арқылы қатысушылар экологиялық өмір салты туралы құнды ақпарат алды және экологиялық іздерін азайту үшін практикалық қадамдар жасады.

Іс-шараның қызықты сәттерінің бірі – әр түрлі жаста құралған топтарға шеберлік сыныптары өтті. Балалар Eco Warriors-тен нөлдік қалдықтар тәжірибесі туралы білуге мүмкіндік алды және оларға бұл бала кезден бастап жершары алдындағы жауапкершілік сезімін оятты. Сонымен қатар орта мектеп оқушылары Green Life шеберлік сабағына қатысып, оларды тұрақты өмір салтын ұстану үшін ақпарат, құралдармен қамтамасыз етті.

@haileybury_eco_school қатысушылары өткізген сессиядан ата-аналар да, студенттер де бірдей пайда көрді, бұл қоғамдақ тұрақтылықты одан әрі нығайтады.

Білім беру сессияларынан басқа, Эко-жәрмеңке нақты әрекет алаңына айналды. Қатысушылар әртүрлі қайта өңделетін материалдарды, соның ішінде пластикалық бөтелкелерді, алюминий банкаларды, батареяларды, ұқыпты пайдаланылған киімдер мен ойыншықтарды жинауға қатысты. Осы бастамалар арқылы қоғам қоршаған ортаға жақсы қарауға дайын екендіктерін көрсетті. Эко-жәрмеңкенің сәтті өткенін бағалай отырып, ұйымдастырушылар осы іс-шараға үлес қосқандардың барлығына алғыстарын білдірді. Олардың біріккен күші экологиялық мәселелер туралы білімді арттырып қана қоймай, сонымен қатар жасыл болашаққа қарай өзгерістерге жол ашты.

Болашаққа көз тастап, Эко-жәрмеңкеде көрсетілген ынтымақтастық пен міндеттемелерді күнделікті өмірімізде экосананы қалыптастыруды жалғастырайық. Біз бірге ғаламшар мен болашақ ұрпақ үшін айтарлықтай жұмыс жасай аламыз.

Экологиялық корпоративті жауапкершілік

Beyond COP21 Climate Symposium бойынша рефлексия: Экологиялық қорғаудағы жастар әмпаэрментінің күші туралы

Haileybury Astana мектебі маңызды Beyond COP21 Climate Symposium симпозиумына қатысты. Target4green-нің негізін қалаушы және директоры Питер Милннің тамаша ойластырған және жүргізген бұл маңызды іс-шарасы климаттың өзгеруін талқылау және тәжірибелер үшін бетбұрыс алаңы ретінде қызмет етеді.

Бұл жиналыс ынтымақтастықтың, білімнің және тұрақты болашаққа қол жеткізуге бағытталған әрекеттің күшін көрсетеді.

Біздің симпозиумға қатысуымыз тек мүмкіндік қана емес, сонымен қатар жағдайды өзгертуге бағытталған ынталы тұлғалар мен мекемелердің жанында болу мүмкіндігі болды. Біз Питер Милнге көшбасшылығы мен экологиялық адвокатураға берілгендігі үшін үлкен алғыс білдіреміз, бұл COP21-ден тыс симпозиумдар бөлімінің пайда болуына әкеліп қана қоймай әлемдік қозғалыс тудырды, сонымен қатар студенттер мен оқытушыларды өз қауымдастықтарында ғаламшардың қорғаушысы болуға шақырады.

Симпозиум әр түрлі өкілдердің басын біріктірді, олардың әрқайсы тұрақтылыққа құнды перспективаларын әкелді. Біз Тигран Товмысанның Орталық Азиядағы климаттың өзгеруі мен апаттардың балаларға әсері туралы мәлімдемесін тыңдап, Нархоз және AlmaU университеттері өкілдерінің пікірлерін ортаға салдық. Нархоз, AlmaU және Haileybury Almaty командаларына ерекше алғыс айтылды, олардың қызықты шеберлік сабақтарын ұйымдастыруға және ынталандыратын пікірталастар өткізуге күш салуы симпозиум үшін маңызды болды.

Beyond COP21 Climate Symposium-ға қатысқанымызды көрсете отырып, біз ұжымдық күштің және білім мен адвокатураның тұрақты болашақты қалыптастыруға деген әсерін еске саламыз. Бұл симпозиум біздің қоршаған ортаға деген міндеттемемізді еске салып, бізді жасыл, бейбіт ғалам үшін қорғауды жалғастыруға ынталандырды. Симпозиум әсерін тұрақтылық жолында одан әрі ынтымақтастық, инновация және әрекет ету үшін құрал ретінде қабылдап, алға қадам басайық!



Экологиялық корпоративті жауапкершілік

Бастауыш сынып оқушылары инновациялық тұрақтылық көрмесінде биіктен жарқырады

Бастауыш сынып оқушылары жуырда тағы бір тұрақтылық көрмесін сәтті өткізіп, шығармашылығы мен тұрақты даму бойынша жаһанмен бірлескен іске берілгендігін паш етті. 2024 жылдың 10 мамырында Haileybury Astana-да өткен іс-шарада Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарының (БҰҰ ТДМ) түрлі аспектісін шешуге бағытталып, мұқият әзірленген бірқатар жоба көрсетілді.

Жергілікті флораға толы әсем бақтардан бастап, жәндіктерге арналған күрделі жобаланған қонақүйлерге дейін оқушылар қоршаған ортаны қорғау мен әлеуметтік жауапкершілікті ынталандыру жолында алдына жан салмады. Көрменің маңызды сәттерінің бірі — оқушылар ысырапшылдықты тыюдың және экологиялық таза сән тәжірибесін қабылдаудың маңызын көрсету үшін, қалдықтардан жасалған таңғажайып киім-кешек назарға ұсынылған тұрақты сән көрсетілімі болды.

Мұнымен шектеліп қалмай, жас зерделілер көміртек ізін азайтуға және қауымдастықтың тұрақтылығын жақсартуға бағытталған қала құрылысы тұжырымдамалары жөнінде түсінігін көрсете отырып, тұрақты қаланың мұқият жобаланған үлгісін ұсынды. Миниатюралық қала олардың келешекті тұрақтылық қала дамуының басты талабы болады деп көретінінің айғағы болды.

Биылғы көрменің ерекшелігі университет студенттерінің қатысқандығы болды, олар тұрақтылыққа бағытталған инновациялы стартаптарын көрсетті. Беделді Google Solution Challenge Top 100 жаһандық финалист чемпионатында бәсекеге түсетін бұл жобалар инновациялы ой мен жаһандық тұрақтылық мәселелерін шешудегі бірлескен күш-жігердің ықтимал әсерін көрсетіп, бастауыш оқушыларына шабыт болды.



Экологиялық корпоративті жауапкершілік



Іс-шара барысында жоғары сынып оқушылары қазіргі және келешек ұрпақ үшін жақсы әлемді құруға ниетті екенін, БҰҰ ТДМ-ны терең түсінетіндіктерін көрсете білді. Олардың тұрақтылыққа деген құштарлығы мен оң өзгерістер жасауға деген жігері айқын болды, ал келушілер мен педагогтерге ұмытылмас әсер қалдырды.

Тұрақты даму көрмесінің сәтті өткендігіне байланысты Haileybury Astana барша қатысушыны тамаша жетістіктері үшін шын жүректен құттықтайды. Олардың жасампаздығы, іске берілгендігі және тұрақтылыққа деген мызғымас құлшынысы — жарқын, берік келешекке деген үміт шамындай.

Әлем өзекті экологиялық және әлеуметтік мәселелермен күресуді жалғастыруда, ал тұрақты даму көрмесі сияқты бастамалар жауапкершілігі мол жаһан азаматтарының келесі ұрпағын қалыптастырудағы білімнің маңызды рөлін көрсетеді. Haileybury Astana оқушылары инновациялық жобалары мен шабыт беретін көшбасшылығы арқылы әлемге маңызды үлес қосуда жастың еш кедергі еместігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қайырымдылық мақсаттағы корпоративтік жауапкершілік

Қоғамдық ынтымақтастығы: Haileybury жауабы

Халқымыз ауқымды су тасқын салдарымен күресіп жатқан бұл қиын уақытта мектебіміз қолын қусырып қарап отыра алмайды.

Haileybury Almaty және Haileybury Astana мектептері бұл апаттан зардап шеккендердің ауыртпалығын жеңілдету үшін бар күшін салып жатыр.

Біз бірнеше бастамаларды ұйымдастырдық, олардың біріншісі – гуманитарлық көмек жинау. Бұл бастама шеңберінде киім-кешек, азық-түлік, дәрі-дәрмек және басқа да қажетті заттар жиналады.

Сіздерді отандастарымызға көмек көрсетуге шақырамыз. Кішігірім үлестің өзі жағдайды айтарлықтай өзгерте алады. Бірге әрекет етсек, көбірек нәтижеге қол жеткізе аламыз, су тасқынынан зардап шеккен қазақстандықтарға үміт сыйлай аламыз.

Мейірімділік пен жанашырлық – қоғамдастығымызды біріктіретін қасиеттер.



Видеоны көру



Қайырымдылық мақсаттағы корпоративтік жауапкершілік



Haileybury Астана қайырымдылық қызметі

Haileybury Astana-да біз қайырымдылыққа, қоғамдастық сезімін дамытуға және елеулі ықпал етуге ұмтыламыз. Соңғы жаңартудан біздің қайырымдылық бастамаларымыз кеңейтілді.

1. Біздің әріптесіміз Ольга Бондаренконың басшылығымен, біз @serdca_astana жануарлар панасына кір жуғыш машинаны, компьютерлерді және көрпелерді қайырымдылықпен сыйға тарттық.
2. Рождество рухында біз Астанадағы SOS балалар ауылын қолдау мақсатында "Haileybury makes Wishes come True" дәстүрлі қайырымдылық науқанын қайта жаңғырттық. Біз балалардың тілектерін жинап, қоғамымызды сыйлықтар сатып алуға шақырдық та, оларды балаларға қуана жеткіздік.


3. Haileybury ата-аналар қауымдастығы (НРА) жаңа жыл мерекесін ұйымдастырды. Билеттер сатудан мен лотереядан түскен барлық қаражат оналту арқылы церебральды сал ауруы бар балаларды қолдауға бағытталған [@podari_detyam_more](https://www.instagram.com/podari_detyam_more/) қайырымдылық жобасына аударылды. Қауымдастық шамамен 1 000 000 теңге жинады. Біз бүкіл Haileybury қауымдастығына шынайы алғысымызды білдіреміз. Қоғамдастықтың әрбір мүшесінің ұжымдық күш-жігері мен мейірімділігі осы қайырымдылықтарды жасауға көмектесті.




Haileybury Astana

haileybury.kz

 Haileybury Astana

 HaileyburyAstana

 hbastana

 haileyburyastana

 HaileyburyAstanaOfficial

Болашақ көшбасшыларды дамыту

Haileybury Astana білім берудің барлық аспектілерінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бар күш-жігерін жұмсайды.